

Ж.Б. Шаяхметова* 

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060000, Қазақстан Республикасы
*e-mail: jan68@inbox.ru

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Аңдатпа.

Мақалада сыбайлас жемқорлықтың криминологиялық аспектілерін егжей-тегжейлі және кезең-кезеңімен ашуға әрекет жасалды. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына теріс әсер етеді. Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлық проблемасы еліміздің құқық қорғау органдары мен сот жүйесінің беделіне нұқсан келтіретін аса маңызды құқықтық, экономикалық, саяси міндеттерді шешуге кедергі келтіретін маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында сыбайлас жемқорлық жай ғана құқық бұзушылық емес екендігі көрсетілген. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімге нұқсан келтіреді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп төндіреді. Елдегі сыбайлас жемқорлықтың басты себептерінің бірі мемлекеттік құрылымдардың қызметін, басқару жүйесін күрделі ұйымдастыруды тиісінше бақыламау болып саналады.

Зерттеу барысында Еуропалық зерттеушілер білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пайдасына дәлелдер келтірді. Мақалада сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат өмірдің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын және адамдарды сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды азайту бойынша мемлекеттің жан-жақты және дәйекті шараларын әзірлеу және жүзеге асыру қарастырылған.

Автормен қылмыстық-құқықтық және криминологиялық шаралардың негізгі бағыттары жекелеген іс-шараларды жүзеге асыру шамасына қарай ғана емес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құбылысын, оның себептерін, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының уәждемесін терең талдау нәтижелерін, тікелей және жанама шығындарды неғұрлым байсалды және объективті бағалауды ескере отырып түзетілу ұсынылаған.

Негізгі сөздер: сыбайлас жемқорлық, қылмыс, кідіріс, бопсалау, немқұрайлық, құқық, субъект.

Кіріспе.

Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықты қазіргі қоғам санасында біржақты түсіндірмесі жоқ әлеуметтік құбылыс ретінде анықтап отыр. Ол криминология тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық құбылыс болып анықталып, көп деңгейлі құрылым және әлеуметтік сипаттағы әртүрлі қауіпті әрекеттерді қамтиды. Бұл қылмыстық құқықбұзушылық қоғамдық өмірінде мемлекеттің түрлі салаларын қамти отырып, оның адамзат үшін де, мемлекет үшін де қауіпті екендігі ұлттық қауіпсіздікке төнген қатер болып саналады.

Құқықтық әдебиеттерге көз жүгірітсек, ұзақ уақыт бойы сыбайлас жемқорлық ұғымының бірыңғай анықтамасы болмағаның аңғарамыз. Заңдық түсіндірме сөздікте ол «шенеуніктер мен саясаткерлердің моральдық ыдырауы, заңсыз байыту, пара алу, ұрлау және мафия құрылымдарымен бірігу арқылы көрінеді» деп берілген.

А.И. Кирпичниковтің ойынша ол: «Сыбайлас жемқорлық биліктің коррозиясын білдіреді, металды коррозиялайтын тот сияқты, паракорлық және ас жемқорлық мемлекеттік аппараттың қызметін бұзады, сонымен қатар қоғамдық моральдық қасиеттерін құртады. Жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылықтар деңгейі – бұл қоғамның өзіндік термометрі, оның адамгершілік жағдайы мен мемлекеттік аппараттың өз мүддесі үшін емес, қоғам мүддесі үшін міндеттерді шешу қабілетінің көрсеткіші. Металл үшін коррозиялық шаршау оның төзімділік шегінің төмендеуін білдіретіні сияқты, қоғам үшін сыбайлас жемқорлықтың шаршауы оның төзімділігінің төмендеуін білдіреді» [1].

Сонымен қатар, біздің еліміздің әр аймағының жеке-жеке, өзіндік ерекшеліктеріне сай өзекті проблемалық мәселелері бар. Сондықтан жүргізілген сараптама, мониторинг, талдау

арқылы картаға әлеуметтік мәселелерін енгізе отырып, біз алдын ала жемқорлықтың сараптамасын талдаймыз. Өткен жылдың 11 айларында 226 сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіліп, 66 мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қызметі сыртқы талдаудан өтті. Бекітілген талаптарға сәйкес, мемлекеттік органдарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің себептері мен жағдайларын жою, бизнес-процестерді жақсарту, әкімшілік кедергілерді азайту, заңнаманы жетілдіру бойынша 2 мыңнан астам ұсынымдар мен ұсыныстар енгізілді. Оның 78%-дан астамы іске асырылды.

Сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы құқықтық саясат өмірдің әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты тудыратын жағдайлар мен себептерді азайту бойынша мемлекет пен қоғамның жан-жақты, дәйекті шараларын әзірлеуді және жүзеге асыруды көздейді. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылықтар қоғам шеңберінде мемлекеттік мүдделерге және жекелеген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын орасан зор зиян келтіре отырып, мемлекеттің дамуына үлкен кедергі болып табылады.

Қазіргі кезеңде жемқорлықтың деңгейі әлемдік десек қателеспейміз, жер шарындағы бірнеше мемлекеттің алдында тұрған өзекті мәселе болғандықтан, ол жаһандық сипатқа ие. Сондықтан бүгінгі таңда мемлекеттердің алдындағы жаһандық проблема.

Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлықты әлемнің кез келген елінде, тіпті көптеген халықаралық ұйымдарда табуға болады. Сыбайлас жемқорлық тек кедей елдердің ғана емес, АҚШ, Жапония, Қытай, ЕО елдері сияқты дамыған мемлекеттердің де меншігі болып табылады. Сондықтан бірнеше жылдар бойы Еуропа Кеңесі осы саладағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығын түсіне отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы белсенді әрекет етіп келеді [2]. Бұл қауіпті құбылысқа қарсы тұру мемлекеттің маңызды да, жауапты міндеті болып табылады, белгілі бір күштерді, шығындарды, аталған сыбайластықтың жолдарын қалыптастыратын факторларға қарсы бағытталған неғұрлым жетілдірілген шараларды әзірлеуді талап етеді.

Жемқорлық қылмыстары нақтыланып, оның белгілері мен құрамы, қоғамдағы орны, қалыптасу мүмкіндіктері мен себептері белгілене отырып, мемлекет тарапынан біраз қаражат пен күш жұмсаған жағдайда неғұрлым азғантай шығынмен нәтижелі қортындыға жетеміз.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік саясатты құрайтын заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, жеке тұлғаның заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау ісінде сыбайлас жемқорлыққа табанды қарсы жүргізілетін теориялық және практикалық іс-қимылдың маңызы зор. Дегенмен мемлекет тарапынан жасақталған шараларға қарамастан, сыбайлас жемқорлықтың деңгейі төмендемей отыр. Ғылыми тұрғыдан шығарылған еңбектердің көп бөлігі қылмыстық құқық сала мамандары жүргізген және ұсынған жемқорлық пен парақорлық қылмыстарына қарсы қылмыстық-құқықтық әдістеріне тікелей байланысты екендігіне назар аудартады. Бірақ тәжірибе тұрғысынан бұл жеткіліксіз. Жемқорлық қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерімен қатар, бұл қылмыстарды тергеу барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер ғылыми-практикалық бағыттағы ұсыныстарды қажет етеді.

Мақаланың әдістемелік негізін ғылыми зерттеу әдістерінің кешені құрайды. Аталған, ғылымы зерттеу салыстырмалы құқықтану әдісін қолдану нәтижесінде, басқа елдердің заң шығару қызметінің оң тәжірибесін алу қажеттілігін білдіре отырып, теория тұрғыдан ұсыныс жасадық.

Алдын алу шараларының тиімділігін арттыру үшін бірден-бір талап адамдар мен азаматтардың құқықтық санасы мен сауаттылық деңгейін арттыру сияқты шаралар ұсынылады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Халықтың көптеген топтарының арасында құқықтық насихаттауды күшейту арқылы халықтың құқықтық дүниетанымы мен құқықтық білім деңгейін арттыру тиімді болып табылады, осы шаралар адамдардың өздерінің құқықтары мен жауапкершіліктер туралы білімдері жеткіліксіз болғандықтан заңсыз алым алу, алым беру сияқты әрекеттерге барып, жауапкершілік арқалайды.

Мысалы, адамдардың санасында сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарастың қалыптасуына сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы бейнероликтер жасау және теледидардан көрсету арқылы әсер етуге болады. Мұндай міндет әр министрлікке жүктелуі керек. Бұл міндетті орындамау мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы ретінде қарастырылуы тиіс (ӘҚБтК 680-бабы) [3].

Сыбайлас жемқорлық қылмыс – бұл мемлекеттік органдардың қызметіне нұқсан келтіретін заңсыз қызмет ретінде ғана емес, сонымен бірге дамыған қоғамның барлық салаларында тоқырауды тудыратын бүкіл ұлтқа қауіп төндіреді. Бұл құбылысқа қарсы тұру мемлекеттің маңызды міндеті болып табылады, белгілі бір күштерді, шығындарды, сыбайлас жемқорлықты қалыптастыратын факторларға қарсы бағытталған неғұрлым жетілдірілген шараларды әзірлеуді талап етеді.

Е.И. Қайыржановтың пікірінше сыбайлас жемқорлық – көпбасты құбыжық. Барлық басқа сипаттамалардан басқа, ол толығымен немесе дерлік жеңе алмайды. Құпия мынада, мұнда біз мемлекеттің қылмыскерінің өз өкілдерінің, оның ішінде одан да қорқыныштысы, сыбайлас жемқорлықпен күресуге арналған құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің ерекше күшті қорытпасына ие боламыз. Біз тек күрестің көрінісін жасай аламыз, бұйрықтар мен жарлықтар шығара аламыз, ондаған ақылды ұсыныстар мен шешімдер жасай аламыз, тіпті жеке заңдар қабылдай аламыз. Бірақ егер мемлекеттің өзі жоғары және ең жоғары эшелон лауазымды тұлғаларының атынан бескасыз қадамдар туралы нақты шешім қабылдаса, барлық әрекеттер бекер. Қоңыраулар мен шешімдер ғана емес, оларды нақты орындау қажет. Кез келген бағдарламаның немесе жобаның кадрлық қамтамасыз етілуі өте маңызды, ол көп қырлы. Ақыр соңында, бұл қарапайым болғанымен, кадрлар бәрін шешеді [4].

Американдық саясаттанушы Джозеф С. Най, сыбайлас жемқорлықты жеке (жеке, отбасылық, жеке клик), материалдық немесе мәртебелік мақсаттардың әсерінен ресми міндеттерден, қоғамдық рөлден ауытқитын немесе жеке ықпалға қатысты белгілі бір түрлерге тыйым салатын ережелерді бұзатын мінез-құлық ретінде анықтайды [5].

Б.И. Шекультиров қылмыспен күрескен елдегі биліктің өзгермеуі де кері әсерін тигізетінін атап өтті. Сол жоғары құрылымдарының басқарушы органдарының басшылары айналасында жылдар бойы жұмыс істегендермен қылмыстық «схемаларды» құра алады, бұл жайлы өмір сүруге мүмкіндік беретін өркендеген «бизнестің» бір түрі [6].

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себептері – елдегі саяси тұрақсыздық, билік құрылымдарының тиімсіз әрекеттері, жетілмеген заңнама, азаматтардың құқықтық санасының төмендігі; азаматтық қоғам институттарының әрекетсіздігі, сот жүйесінің әлсіздігі, қоғамда қалыптасқан демократиялық дәстүрлердің болмауы [7].

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңының 2-бабының 1-тармағында сыбайлас жемқорлық «мемлекеттік функцияларды орындайтын адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңда көзделмеген қабылдауы, сол сияқты осы адамдарға пара беру» деп түсініледі, жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды оларға құқыққа қарсы болуы» [8].

Егер «Елеулі» мемлекеттік өкілеттіктері бар және заңды мінез-құлықтың кепілі болып табылатын адам субъект болса, қылмыстың қоғамдық қаупі едәуір артады. Қылмыс субъектісі неғұрлым жоғары лауазымға ие болса, соғұрлым мемлекеттің мүдделері мен беделіне нұқсан келуі мүмкін. Тиісінше, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланатын адамның кінәсінің дәрежесі артады.

Біздің Республикамызда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты әлеуметтік-құқықтық, тарихи және криминологиялық аспектілерде жинақталған сыбайлас жемқорлықпен парақорлыққа қарсы тәжірибені бағалауға және зерделеуге мүмкіндік беретін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі, нәтижелі сипатта бола бастаған компаративистік тәсіл неғұрлым пайдалы болып көрінеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыстық жазалау қызметін профилактикалық қызметке ауыстыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу іс-қимыл процесін қайта қарау керектілігін туғызады. Қазақстан мемлекеттінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдап жатқан жүйелі және кешенді жұмыстарын халықаралық сарапшылар мен халықаралық ұйымдар жоғары бағалайды. Әрине, мемлекетте жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлық элементтеріне қарсы іс-қимыл шаралары оң нәтиже беруде: қазіргі қоғам әлеуметтік белсенді топтар мен азаматтар тұлғасында заңдық құқықтары мен заңды мүдделерін өздерінің құқықтық жолдарымен іске асыру арқылы сыбайлас теріс қылыққа қарсы әрекеттерге көбірек көңіл бөледі.

Елдегі сыбайлас жемқорлықты анықтайтын әлеуметтік аспект экономикалық тұрғыдан қол үзбей қарастырылуы керек. Қайта құру процесінде өз құқықтарын іске асырудың жаңа тәсілдерінің пайда болуы адал емес жолмен шешуді талап ететін бірқатар жағдайларды тудырды. Сонымен, тұрмыстық негіздегі сыбайлас жемқорлық пайда болуы, көрсетілген параның өте аз мөлшерінде болуымен және іске асырылатын қажеттіліктер тұрақтылығымен сипатталады [9].

Сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың бір түрі – тұрмыстық сыбайлас жемқорлық. Оның құқықтық негізде өз ерекшеліктері бар. Негізгі ерекшелігі – бұл тұрмыстық қарым-қатынас саласында тұрақты орын алуы.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасында: «азаматтар мен кәсіпкерлердің күнделікті өмірде мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен өзара іс-қимылына байланысты тұрмыстық сыбайлас жемқорлық көптеген салаларда сақталады» делінген [10]. Ол көбінесе мемлекеттік ХҚКО-ларда, полицияда, жер қатынастары басқармасында, емханалар мен ауруханаларда, жоғары оқу орындары мен балабақшаларда жасалады.

Сондай-ақ тағы бір ерекшелігі – оның салыстырмалы таралуы. Тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы парақорлық сыбайлас жемқорлық пара көлемі жағдайлардың басым көпшілігінде салыстырмалы түрде аз екенін атап өткен жөн.

Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларының тиімділігін арттыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ерекше іс-қимылдарды қолдану жалпы шараларға қарағанда нәтижелі болады. Мысалы, заңсыз сыйақы мен пара беретін адамдардың көпшілігі аталған әрекеттері үшін өздерінің құқықтары мен жауапкершіліктері туралы жеткілікті білмегендіктен, құқықтық білімі аз болғандықтан теріс әрекеттерге барады. Сондықтан халықтың құқықтық санасы мен құқықтық сауаттылығын арттыру сияқты профилактикалық шаралар қажет.

Атап айтқанда, 2020 жылы жүргізілген шетелдік ғалымдардың білім беру жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа зерттеулеріне сүйінсек, батыс әріптестерінің пікірінше, білім беру секторындағы адалдық пен этикаға жат мінез-құлықтың болмауы білім беру саласындағы

негізгі мақсаттарының бірі - заң, адам құқықтары мен міндеттерін білетін және құрметтейтін білімді әділетті азаматтарды тәрбиелеуге сәйкес келмеуі болады.

Зерттеу барысында Еуропалық зерттеушілер білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің пайдасына дәлелдер келтірді; бұл дәлелдер дамыған және дамушы елдердегі оқу жағдайлары үшін әмбебап және өзекті. Оларға мыналар жатады: білім беру секторы ұлттық әлеуетті қалыптастырады; ең осал адамдар сыбайлас жемқорлыққа ұшырайды; білім беру жүйесіне сенімсіздік; сапалы және қолжетімді білім беру қоғам мен жекелеген адамдардың және басқалардың мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Poisson Muriel білім беру ортасының сыбайлас жемқорлыққа қатысты өте қызықты ұстанымын «білім беру секторымен айналысатындар сыбайлас жемқорлық мәселесін шешкісі келмейді, мүмкін бұл сектордың имиджіне нұқсан келтіруі мүмкін, сондықтан оған бөлінетін ресурстарды азайтады деп қорқады» деп санайды [11].

Батыс әріптестерінің бұл ұстанымдары ғылыми (білім беру) орта өкілдерінің білім беру жүйесінің сыбайлас жемқорлыққа теріс көзқарасын көрсетеді. Білім беру жүйесінің сыбайлас жемқорлық мәселесіне қатысты шетелдік ғалымдардың кейбір доктриналық ұстанымдарын талдай отырып, осы мәселе бойынша өз ұстанымымызды білдіру қажет деп санаймыз.

Біздің ойымызша, қазіргі кезеңде білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты мақсаты оны тудыратын себептер мен жағдайларды жою болуы тиіс. Біздің еліміздегі тұрақсыз әлеуметтік-саяси жағдайға байланысты білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептердің саны артып келеді: педагогтердің еңбекақысының төмен және кейде лайықсыз деңгейі; профессорлық-педагогикалық құрамның қосымша біліктілігінің қажеттілігінің болмауы, ал көптеген жағдайларда оқытушылар құрамын ресми аттестаттау.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қазіргі кезеңде білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың басты мақсаты оны тудыратын себептер мен жағдайларды жою болып табылады. Жоғары білім беру жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерінің әсер ету тиімділігін келесі жағдайларда арттыруға болады деп санаймыз: сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы рационализациялау; сыбайлас жемқорлық көріністерін бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі жүйесін жетілдіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әлеуметтік-құқықтық базаның қызметін жандандыру.

Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту туралы тапсырмаларына сәйкес 2019 жылғы желтоқсанда отандық Қылмыстық кодекске енгізілген түзетулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте неғұрлым маңызды және тиімді деп санаймын.

Бірінші, ауыр және аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмысы үшін сотталған адамдарға шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануға тыйым салынды.

Ерекшеліктер тек екі жағдайды құрайды:

- әлеуметтік осал азаматтардың осындай қылмыстар жасауы (бұл-жүкті әйелдер, жас балалары бар әйелдер, жас балаларды жалғыз тәрбиелеп отырған ер адамдар, 58 және одан жоғары жастағы әйелдер, 63 және одан жоғары жастағы ер адамдар, бірінші және екінші топтағы мүгедектер);

Екінші, елді мекендердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазаны өтеу шарттары өзгертілді. Бұған дейін сыбайлас жемқорлық үшін сотталғандарды қылмыстың ауырлығына қарамастан дереу сот жазасын өтеу үшін ең төменгі қауіпсіздік ҚАЖ мекемесіне, колониялар – елді мекендер деп аталатын мекемеге жібере алатын.

Жалпы қылмыстары үшін сотталғандардан айырмашылығы, колония – елді мекенде жазасын өтеу үшін жабық үлгідегі түзеу мекемелерінде кемінде екі жыл өткізу қажет болған сыбайлас жемқорлар үшін мұндай артықшылықты жағдай белгілі бір сын тудырды және

мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа жол берілмейтін жұмсақ көзқарасы туралы тұрақты қоғамдық пікір қалыптастырды).

Енді парақорлықтың ауыр құрамы үшін сотталғандар, ал бұл елеулі (50-ден 3000 АЕК-ке дейін) және ірі (3000-нан 10000 АЕК-ке дейін) мөлшерде пара алу және беру, құқық қорғау органы қызметкерінің немесе судьяның пара алуы, парақорлыққа бірнеше рет делдалдық жасау жазаны өтеу үшін орташа қауіпсіздік ҚАЖ мекемелеріне, ал пара алған адамдарға жіберіледі немесе аса ірі мөлшерде пара бергендер (10000 АЕК-тен жоғары) – ең жоғары қауіпсіздік ҚАЖ мекемелеріне.

Үшінші, құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялар жасаған сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін, сондай-ақ пара берушілер мен делдалдарға қатысты пара алғаны үшін жаза қатаңдатылды. Бұл құқық қорғау органдарының қызметкерлері мен судьялары қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіптің кепілі ретінде тікелей байланысты және олардың сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін қатаң жаза болуы заңды.

Квазимемлекеттік сектор ұйымдарында адалдықтың корпоративтік стандарттарын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын сақтауға жауапты сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер институты енгізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтерді енгізу квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлық субъектілерінің тізбесін кеңейтумен бірге квазимемлекеттік сектор қызметкерлері тарапынан теріс пайдаланудың алдын алу және тұтастай алғанда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін тиімді шаралар болады. Айта кету керек, агенттіктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған квазимемлекеттік сектор ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірледі.

Парасаттылық Департаменті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл парадигмасын өзгертуде шешуші рөл атқаруы тиіс қоғамда адалдық, әдептілік, әділдік стандарттарын енгізумен айналысады. Дәл осы парасатты жүйеде сыбайлас жемқорлық қылмысы – бұл мемлекетке, қоғамға және оның мүдделеріне қатысты заңсыз іс-әрекеттің экстремалды нысаны екендігі түсініледі.

Мемлекеттік қызметшілердің әдептілік мінез-құлық стандарттары бұрыннан енгізілген. Сонымен қатар, парасаттылық мемлекеттік аппараттағы этика нормаларын ғана емес, кеңірек ұғым болып табылады.

Парасаттылық – бұл бүкіл қоғамның: квазимемлекеттік және жеке ұйымдардың, азаматтық қоғам институттарының, халықтың, БАҚ-тың адалдығы мен сатылмайтындығының стандарттары. Жалпы, жұмыстың нақты тетіктері туралы айта отырып, біз алдын алу мүмкіндіктері толық таусылғаннан кейін ғана қылмыстық-құқықтық шараларды қолдану тәжірибесін жалғастырамыз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет тағы бір алдын алу құралын пайдаланады. Бұл қылмыстық іс жүргізу кодексінің 200-бабы туралы, оның қызметкерлері қылмыстық қудалау орбитасына түскен ұйымдарға ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді. Заңның шегінен өткен адамға жазаны сот анықтайды. Алайда, бір органда немесе мекемеде қайталанған құқық бұзушылықтар қаупі бар.

Агенттік нақты сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауға ықпал еткен қалыптасқан жағымсыз жағдайдың себептері мен жағдайларын қорытындылай келе, оларды жіберілетін ұсыныстарда баяндайды.

Бұл ұйымдық-басқарушылық қызметтегі кемшіліктер, НҚА-дағы қайшылықтар немесе проблемалар және басқа жағдайлар болуы мүмкін. Оларды жою бойынша ұсыныстар да енгізіледі.

Қорытынды.

Мемлекет жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат мынадай міндеттерді шешуге бағытталған шараларды қамтуға тиіс:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті оның барлық деңгейлерінде ұйымдастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қолайлы жағдайлар мен мән-жайлар өрісін тарылту;
- сыбайлас жемқорлық мәмілесіне қатысушы екі тарап үшін де соңғысын жасасудан түсетін пайданы азайту;
- сыбайлас жемқорлық әрекеттерін анықтау және олар келтірген зиян үшін жазалау ықтималдығын арттыру;
- сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының себептеріне әсерін анықтау;
- сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністерінде қоғамдық қабылдамау атмосферасын құру.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықтың құқықтық аспектісі көбінесе мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының шараларын дұрыс және тиімді іске асыруға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде онымен күресті қамтамасыз етуге байланысты. Сонымен қатар, заң шығарушы сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым толық анықтама беріп, оған қатысты әрекеттердің толық тізімін дайындауы керек.

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуінде мемлекет пен қоғамда болып жатқан жаңа саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және адамгершілік өзгерістерді назарға алу өзекті болып табылады, бұл қоғамды әлеуметтік топтарға поляризациялауға байланысты, сәйкесінше жаңа тәсілдерді сипаттауды және құруды талап етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі нақты шараларды іске асыруда құқықтық саясат құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің конституциялық идеяларына, заңдылық, әділеттілік және гуманизм қағидаттарын мүлтіксіз сақтауға бағытталуы тиіс, өйткені қазіргі қолданыстағы заңнаманы түзету мен өзгерту қажет.

Қылмыстық кодекстің, сондай-ақ Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің нормаларын жетілдіру қажет. ҚК мен ӘҚБтК нормалары мен Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының арасындағы сәйкессіздік мемлекеттік қызметшілердің екі санатына: лауазымды адамдарға және мемлекеттік лауазымның жауапкершілігін атқаратын адамдарға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жазасыз жасауға және одан кейін жоғары мемлекеттік лауазымды атқаруды жалғастыра отырып, өз жұмыс орнын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл әділеттілік пен жауапкершіліктің еріксіздігі қағидаттарына қайшы келеді, өйткені Мемлекеттік қызметкер лауазымды неғұрлым жоғары атқарса, жауапкершілік соғұрлым жоғары болуы керек.

Сондықтан сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқықбұзушылық субъектілерінің тізбесін ӘҚБтК-нің 676-677-баптарына лауазымды адамдар мен жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың ықтимал құқықбұзушылық субъектілерін көрсете отырып толықтыра отырып кеңейту қажет.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда «қоғамдық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау маңызды рөл атқара алады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың криминологиялық сипаттамасы қылмыстардың криминологиялық сипаттамасының бір түрі ретінде ерекше болып табылады және сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін жауапкершілікті көздейтін құқықтық нормалардың қылмыстық-құқықтық құрылымына, қылмыс субъектілеріне қойылатын арнайы талаптарға байланысты. Криминологиялық сипаттаманың элементтері бір-бірімен тығыз байланысты және өзара байланысты, бұл олардың сыбайлас жемқорлық қылмыстарды анықтау және тергеу қызметінде белсенді қолданылуына ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Кирпичников А.И. Ресейдегі пара және сыбайлас жемқорлық. — СПб. Альфа. — 2018. — 350 б.

- 2 Куракин А. Сыбайлас жемқорлық үшін азаматтық – құқықтық жауапкершілік туралы конвенция. Жалпы сипаттама. — М. Заң әдебиеті. — 2018. — №3. — 80 б.
- 3 Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі 5 шілде 2014 жыл № 235-V (16.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен) [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (қаралу уақыты: 08.11.2022)
- 4 Каиржанов Е.И. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті кадрлық қамтамасыз ету мәселелері. — 2 Т. Алматы. — 2018. — 234 б.
- 5 Сыбайлас жемқорлық және саяси даму: шығындар мен пайданы талдау. Американдық саясаттану. — М. — 2018. — 12 б.
- 6 Сыбайлас жемқорлық және оған қарсы күрес: заңнаманың рөлі. Горный-Санкт-Петербург. Норма — 2018. — 136 б.
- 7 Грибков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестерін мемлекеттік басқару. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алуға арналған диссертацияның авторефераты, Ресей экономикалық университеті. — М. — 2018. — 7 б.
- 8 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы. 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> (қаралу уақыты: 08.11.2022)
- 9 Рахметов С. Тұрмыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің кейбір музалары. Фемида Журналы — №3 (315). — 2022. — 15 б.
- 10 Гусс О., Александра К. Білім берудегі Ашық үкімет: тұжырымдамаларды нақтылау және бастамаларды картаға түсіру. Париж: Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет ұйымы және халықаралық білім беруді жоспарлау институты [Электрондық ресурс] — URL: unesdoc.unesco.org/ark (қаралу уақыты: 08.11.2021)
- 11 Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен бекітілген. «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға» арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы» [Электрондық ресурс] — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> (қаралу уақыты: 08.11.2022)

КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ КОРРУПЦИОННЫХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Аннотация.

В данной статье сделана попытка подробного и пошагового раскрытия криминологических аспектов коррупции. Коррупционные действия оказывают негативное воздействие на экономическое и социальное развитие страны. Проблема коррупции для Казахстана является одной из наиболее значимых препятствующих решению важнейших правовых, экономических, политических задач, подрывающих авторитет правоохранительных органов и судебной системы страны.

В Послании Президента Республики Казахстан указано, что коррупция – не просто правонарушение. Она подрывает веру в эффективность государства и является прямой угрозой национальной безопасности. Одной из главных причин коррупции в стране принято считать ненадлежащий контроль за деятельностью государственных структур, сложная организация управленческой системы.

В исследовании европейских исследователей приведены аргументы в пользу борьбы с коррупцией в сфере образования. В статье рассмотрена антикоррупционная политика предполагаемая разработку и осуществление разносторонних и последовательных мер государства по минимизации причин и условий, порождающих коррупцию в разных сферах жизни и побуждающих людей к совершению коррупционных действий.

Автором предложены рекомендации по основным направлениям уголовно-правовых и криминологических мер, требующих корректировки не только по мере осуществления отдельных мероприятий, но и с учетом результатов глубокого анализа явления коррупции, ее причин, мотивации коррупционного поведения, более серьезной и объективной оценки прямых и косвенных потерь.

Ключевые слова: коррупция, преступность, латентность, вымогательство, халатность, право, субъект.

CRIMINOLOGICAL ASPECTS OF CORRUPTION CRIMES

Abstract.

This article attempts a detailed and step-by-step disclosure of criminological aspects of corruption. Corrupt practices hurt the economic and social development of the country. The problem of corruption in Kazakhstan is one of the most significant obstacles to the solution of the most important legal, economic, and political tasks that undermine the authority of law enforcement agencies and the judicial system of the country.

The Message of the President of the Republic of Kazakhstan states that corruption is not just an offense. It undermines faith in the effectiveness of the State and is a direct threat to national security. One of the main causes of corruption in the country is considered to be inadequate control over the activities of state structures, and the complex organization of the management system.

A study by European researchers provides arguments in favor of fighting corruption in education. The article considers the anti-corruption policy intended for the development and implementation of versatile and consistent MEAS of the state, there is no minimization of the causes of corruption and those that generate corruption in various spheres of life and encourage people to commit corrupt acts.

The author offers recommendations on the main areas of criminal law and criminological MEPs that require adjustments not only in the area of implementation of individual measures, but also taking into account the results of an in-depth analysis of the phenomenon of corruption, the causes of corruption, the motivation of corrupt behavior, a more serious and objective assessment of direct and indirect losses.

Key words: corruption, crime, latency, extortion, negligence, law, subject.

REFERENCES

- 1 Kirpichnikov A.İ. Reseidegi para және sybailas jemqorlyq. [*Bribery and corruption in Russia*]. CPb. Alfa. 2018. 350 p. [in Kazakh]
- 2 Кypakin A. Sybailas jemqorlyq үшін azamattyq – құқықтық jauapкершілік туралы конвенсия. [*Convention on civil liability for corruption*]. Jalpy sipattama. M.; Заң әдебиеті. 2018. №3. 80 p. [in Russian]
- 3 Qazaqstan Respublikasynyñ Äkimshilik құқық бұзушылық туралы Kodeksi. [*Code of the Republic of Kazakhstan on administrative offenses*] 5 шілде 2014 жыл № 235-V (16.05.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен). Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> [in Kazakh]. (accessed: 08.11.2022)
- 4 Kaipjanov E.İ. Sybailas jemqorlyqqa qarsy kürestі kadrlyq qamtamasyz etu мәseleleri. [*Issues of Personnel Support for the fight against corruption*]. 2 T. Almaty. 2018. 234 p. [in Kazakh]
- 5 Sybailas jemqorlyq және saiası damu: шығындар мен paidany taldaу. [*Corruption and political development: cost-benefit analysis*]. Amerikandyq saiasattanу. M. 2018. 12 p. [in Kazakh]
- 6 Sybailas jemqorlyq және oған qarsy küres: zañnamanyñ röli. [*Corruption and the fight against it: the role of legislation*]. Gornyi-Sankt-Peterburg. Norma 2018. 136 p. [in Kazakh]
- 7 Gpibkov M.A. Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl prosesterın memlekettik basqaru. [*Public administration of anti-corruption processes*]. Ekonomika ғылымдарының kandidaty ғылыми дәреjesin aluға арналған disertasiyanyñ avtoreferaty, Resei ekonomikalыq universiteti. M. 2018. 7 p. [in Kazakh]
- 8 Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl turaly. [*On Combating Corruption*]. 2015 жылғы 18 қарашадағы Qazaqstan Respublikasynyñ Заңы. Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> [in Kazakh]. (accessed: 08.11.2022)
- 9 Rahmetov S. Tұrmystыq sybailas jemqorlyqqa qarsy kürestіñ keibir muzalary. [*Some muses of the fight against domestic corruption*]. Femida Jurnalы №3 (315). 2022. 15 p. [in Kazakh]
- 10 Guss O., Aleksandra K. Bılım berudegi Aшық үкімет: tұjыrymdamalary naqtylau және bastamalary kartaға түсіru. [*Open Government in education: concretizing concepts and mapping initiatives*]. Parij: Bırıkken Ültar Üiymynyñ bılım, ғылым және мәдениет üiymy және halyqaralyq bılım berudi josparlau instituty. Available at: — URL: unesdoc.unesco.org/ark [in Kazakh] (accessed: 08.11.2021)
- 11 Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2022 жылғы 2 ақпандағы Jarlyғымен bekitilgen. [*Approved by the decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated February 2, 2022*]. «Qazaqstan Respublikasynyñ 2022-2026 жылдарға» арналған sybailas jemqorlyqqa qarsy saiasatynyñ tұjyrymdamasy». Available at: — URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000377> [in Kazakh]. (accessed: 08.11.2022)

Information about authors:

Zhanna Shayakhmetova – **corresponding author**, candidate of legal sciences, associate professor of the Department of “Criminal Law Disciplines”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: jan68@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6965-9813>

Информация об авторах:

Жанна Шаяхметова – **основной автор**, кандидат юридических наук, ассоциированный профессор кафедры «Уголовно-правовые дисциплины», Атырауский университет имени Х.Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан

E-mail: jan68@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6965-9813>

Авторлар туралы ақпарат:

Жанна Шаяхметова – **негізгі автор**, заң ғылымдарының кандидаты, «Қылмыстық-құқықтық пәндер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: jan68@inbox.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6965-9813>